



БІРЫҢҒАЙ ГРАНТ ОПЕРАТОРЫ

азаматтық бастамаларды
қолдау орталығы

Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың 2025 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есебі

*Тапсырыс беруші: Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру
және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы*

**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ
Астана 2025**

1. Гранттарды орналастыру есебі кезеңінің басталу және аяқталу күні:

Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының тапсырысы бойынша «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ (*бұдан әрі - Оператор*) интернет-ресурсында 2025 жылы «6» наурызда 2025 жылға үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурс жарияланды.

Хабарламаны келесі сілтемелер бойынша көре аласыз:

<https://cisc.kz/mangghystaw-oblysynyng-zhumyspen-qamtwdy-uejlestirw-zhaene-aelewmnettik-baghdarlamalar-basqarmasyng-tapsyrusy-bojynsha-granttar-konkwrсы-2/>;

<https://cisc.kz/ru/konkurs-grantov-po-zakazu-upravleniya-koordinaczii-zanyatosti-i-soczialnyh-programm-mangistauskoj-oblasti-2/>;

<https://www.instagram.com/p/DGU61VYtIsJ/?igsh=eHlnNDlxOHhwaThu>;

<https://www.instagram.com/p/DGVF08HNIGz/?igsh=OWdpYW13cmpmbG5s>

Конкурса қатысу үшін өтінімдерді қабылдау уақыты 2025 жылдың «24» ақпан мен «17» наурыз аралығында жүзеге асырылды.

2. Есепті кезеңде орналастырылған гранттар бағыттарының саны:

Есептік кезеңде Оператор Басқарманың 2 басым бағыт бойынша 2 мемлекеттік грантын беру жөнінде хабарландыру жариялады:

№	Басым бағыт	Грант саны	Грант сомасы
1	Жаңаөзен қаласындағы психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналарына психологиялық қолдау көрсету	1	11 520,0
2	Жұлын жарақаты бар науқастың мектебі	1	11 796,0

3. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саны:

Өткізілген конкурстардың нәтижесі бойынша 2 грант бойынша 2 ҮЕҰ-мен мемлекеттік грант беру туралы шарт жасалды.

№	Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың басым бағыты	Грант түрі	Ұйым атауы	Шарттың нөмірі мен күні
1	Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын қолдау	Жаңаөзен қаласындағы психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналарына психологиялық қолдау көрсету	қысқа мерзімді	«Көмек командасы» қоғамдық қоры	24.04.2025 №27
2	Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау	Жұлын жарақаты бар науқастың мектебі		«ҚСА» Республикалық студенттік қозғалысы» қоғамдық бірлестігі	23.04.2025 №28

4. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саласы:

2025 жылы Оператор «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабына сәйкес «Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын қолдау» саласы бойынша 2 жобаны іске асырды.

5. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде мемлекеттік көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

Мемлекеттік гранттарды Оператор Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген салалар шеңберінде және мемлекеттік органның Оператормен жасасатын үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы шарт негізінде мемлекеттік бюджет қаражатынан береді.

Есептік кезеңде Басқарма 23 432 000 теңгені құрайтын 2 гранттық жоба ұсынды.

6. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде бюджеттен тыс көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

Есепті кезеңде Басқарманың мемлекеттік грантын іске асыру барысында бюджеттен тыс көздер тартылған жоқ.

7. Есепті кезеңде қазақстандық ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):

Қазақстандық ұйымдар арасынан гранттарды іске асыруға тартылған серіктестер туралы мәліметтер:

№	Грант алушының атауы	Жобаның атауы	Ұйымның атауы	Басшының ТАӘ	Байланыс деректері	Заңды мекенжайы
1	«Көмек командасы» қоғамдық қоры	«Арнайы санаттағы балалардың ата-анасына қолдау көрсету»	Caspiantoday.kz	Айтбай Қанат	+7 702 439 99 79	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, г. Ақтау, 27-ші, 31-ші микрорайон, 29-ші кв.

8. Есепті кезеңде халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, жөні, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):

Гранттық жобаны іске асыру барысында халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан әріптестер тартылған жоқ.

9. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 1-қосымшада көзделген.

10. Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 2-қосымшада көзделген.

11. Гранттарды іске асыру шеңберінде жобалардың нәтижелері бойынша жалпы тұжырымдар мен ұсынымдар:

Қарастырылған гранттық бастамалар барлық бағыттар бойынша жоспарланған көлемде сәтті іске асырылып, айқын әлеуметтік әсер көрсетті. Іс-шараларды ұйымдастырудың жоғары сапасы мен қатысушылардың белсенділігі жоба мақсаттарына толық қол жеткізілгенін растайды. Алынған кері байланыс бойынша қатысушылардың басым көпшілігі өткізілген шараларды пайдалы және сапалы деп бағалады, бұл жобалардың тақырыптық өзектілігі мен тәжірибелік құндылығын көрсетеді.

Жобаларды одан әрі жетілдіруге арналған негізгі ұсынымдар ретінде тұрақты мониторинг жүйесін енгізу, нәтижелерді тереңірек талдау, сондай-ақ онлайн-форматтағы іс-шаралар санын көбейту арқылы аудиторияны кеңейтуді ұсынуға болады. Серіктестік желілерін нығайту және әдістемелік материалдарды алмасу жоба тәжірибесін тұрақты дамытуға мүмкіндік береді. Соңында, жоба нәтижелерін кеңінен насихаттау және оларды бөлісу — болашақтағы ұқсас бастамалардың тиімділігін арттырудың маңызды факторы болып табылады.

12. Есепке гранттарды қалыптастыруға қатысатын үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың басшысы, оператордың бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды. Есептің әрбір данасы тігіледі, тігіс түйініне және ішінара құжаттың парағына желімделген қағаз пломбамен бекемделеді. Мөрдiң бедері ішінара қағаз пломбаға, ішінара құжаттың парағына басылуы тиіс.

13. Есеп «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ гранттық қаржыландыру саласындағы оператормен жасалды.

Басқарма Төрағасының м.а.

Каримова А.Е.

Бас бухгалтер

Ибраева Ш.З.

1. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Көмек командасы» қоғамдық қоры

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Айтбай Қанат Сәлімгерейұлы

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 27 ш/а, 31 үй, 29 кеңсе, +7 777 788 0898

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

Арнайы санаттағы балалардың ата-анасына қолдау көрсету

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі (басталу жылы мен айын/аяқталу жылы мен айын көрсету)

2025 жылдың «22» сәуір мен 2025 жылдың «31» қазаны аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

11 520 859,96 теңге

2. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«ҚСА» Республикалық студенттер қозғалысы» қоғамдық бірлестігі

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Наукен Ұлан Аманқазыұлы

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Астана қ, Алматы ауданы, Иманов көшесі, 50 үй, 408 кеңсе, +7 (747) 960 48 25

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

Маңғыстау облысының жұлын жарақаты бар науқастарына көрсетілетін көмектің кәсібилігін арттыру.

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі (басталу жылы мен айын/аяқталу жылы мен айын көрсету):

2025 жылдың «1» мамыр мен 2025 жылдың «27» қараша аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

11 796 000 теңге.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Көмек командасы» қоғамдық қоры

Басым бағыттың атауы: Жаңаөзен қаласындағы психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналарына психологиялық қолдау көрсету

I. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1 міндет. 25 ата-анаға арналған топтық кездесу мен жеке кеңес беруді ұйымдастыру

№ 1 іс-шара. Арнайы маманды тарта отырып, психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналарына арналған 2 топтық кездесу ұйымдастыру

2025 жылғы 21-22 маусым күндері жергілікті дәстүр мен психоневрологиялық патология саласының маманы Тоқсанбаева Ардақ Бақтығалиқызының өткізуімен Жаңаөзен қаласындағы психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналарымен топтық кездесу өтті.

Бұл ретте, топтық кездесу іс-шарасы алдын-ала Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен келісілді.

Өз кезегінде, Топтық кездесуге 61 адам (психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналары) және балаларға қарайтын 2 күтуші маман қамтылды.

Топтық кездесулер нәтижесінде ата-аналардың эмоционалдық жағдайы жақсарып, оқшаулану деңгейі төмендегені белгілі болды.

Іс-шара соңында, қатысушылардың іс-шараға қанағаттану деңгейі 100 % құрады.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында іс-шара барысында фото және видео материалдар түсірілді сондай-ақ, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі:

1. <https://www.instagram.com/p/DLUP14Xt6O-/>

2. https://www.instagram.com/p/DLUfm2FN5gx/?img_index=1

№ 2 іс-шара. Психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналарына психологтар немесе психоневрология мамандары (басқа өңірден арнайы шақырылған) жеке кеңес беруді өткізу. 15 ата-анаға 2 күндік жеке кеңес беру ұйымдастыру

2025 жылғы 8-9 шілде күндері психологиялық және психоневрологиялық ауытқуларды бар балалардың ата-аналарына арналған республикалық деңгейдегі тәжірибелі психолог мамандармен жеке кездесулер өтті.

Кеңес беру іс-шарсында екі психолог маман 20 адамға 60-90 минуттық жеке кездесулер өткізді.

Сонымен қатар, жеке кеңес алуға баласымен келген ата-аналар үшін, балаларға қарайтын 2 күтуші маманның болуы қамтамасыз етілді.

Бұдан бөлек, жеке кеңес беру бойынша 2 кеңес беру журналы жасақталып, қатысушыға қалам, блокнот, брошюра таратылды. Іс-шара соңында, қатысушылардың іс-шараға қанағаттану деңгейі 100 % құрады.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында іс-шара барысында фото және видео материалдар түсірілді сондай-ақ, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі:

1. <https://www.instagram.com/p/DLzAT8Mt4qQ/>
2. https://www.instagram.com/p/DL74XtUIVT4/?img_index=1

2-міндет. 15 ата-анаға 5 вебинар өткізу және онлайн чат құру

№ 1 іс-шара. Психоневрологиялық патологиясы бар балалармен қарым қатынас жасаудың негізгі дағдыларын үйретуге бағытталған кемінде 15 ата-анаға арналған кемінде 5 оффлайн оқыту/вебинарлар сериясын ұйымдастыру

Психоневрологиялық патологиясы бар балалармен қарым қатынас жасаудың негізгі дағдыларын үйрету мақсатында барлығы 75 адам қамтылған 5 оқыту/вебинар сериясы ұйымдастырылды.

Оқыту бағдарламасы 5 модуль/тақырыпты қамтыды:

1. Сөйлеу жүйесінің даму сатылары (Логопед-дефектолог, Ардақ Бахтиярқызы);
2. Мүмкіндігі шектеулі баланың дамуындағы ата-ана рөлі (Психолог, психоаналитик, Айнұр Мубарак);
3. АФК: қозғалыс арқылы даму (Дипломды АФК жаттықтырушысы Азат Алмасұлы);
4. СИ негіздері: сезім мүшелері арқылы әлемді тану (Психолог-педагог, СИ маманы Гүлназ Рахатқызы);
5. Ананың алақаны – алғашқы дәрігер: үй жағдайындағы массаж жасау әдістері (Медициналық білімі бар кәсіби массаж маманы Айжан Маратқызы).

Өз кезегінде, өткізілген 5 модуль бойынша қатысушыларға барлығы 75 дана таратпа материалдар (қалам, блокнот, брошюра) таратылды. Әр оқыту/вебинарлар сериясына келген ата-аналар үшін, балаларға қарайтын 1 күтуші маманның болуы қамтамасыз етілді. Іс-шара соңында, қатысушылардың іс-шараға қанағаттану деңгейі 80 % құрады. Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында іс-шара барысында фото және видео материалдар түсірілді сондай-ақ, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды. Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі:

1. <https://www.instagram.com/p/DMuqnZaoK7D/>
2. https://www.instagram.com/p/DMzp-AtNmZq/?img_index=1
3. https://www.instagram.com/p/DM2A6DDtIV2/?img_index=1
4. <https://www.instagram.com/p/DNINWYIMqgf/>
5. <https://www.instagram.com/p/DNWLMOOoXN9/>

№ 2 іс-шара. Психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналары арасында тәжірибе алмасу және бір-біріне қолдау көрсету мақсатында онлайн чат құру

2025 жылғы 12 маусым күні Психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналары арасында тәжірибе алмасу және бір-біріне қолдау көрсету мақсатында WhatsApp желісінде 50 ата-ана және 2 психолог-маман қамтыған «Қолдау чаты» құрылды. Қатысушылардың қанағаттану деңгейі – 80% құрады.

3 міндет. 10 ата-анаға арналған 3 іс-шара және 50 балаға арналған 2 мерекелік бағдарлама ұйымдастыру

№ 1 іс-шара. 10 ата-ананы және оның психоневрологиялық патологиясы бар балаларын қамти отырып, 3 іс-шара ұйымдастыру

Ашық аспан астында 10 ата-анаға арналған 1 эстафеталық ойын өтіп, таза ауада пикник ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, әр оқыту/вебинарлар сериясына келген ата-аналар үшін, балаларға қарайтын 4 күтуші маманның болуы қамтамасыз етілді.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында фото және видео материалдар дайындалып, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі:

1. <https://www.instagram.com/p/DPTdrKjCNIT/>
2. https://www.instagram.com/p/DPbRTH7CIO2/?img_index=1
3. <https://www.instagram.com/p/DQkHVZbCDvC/>
4. <https://www.instagram.com/p/DQkKFzdCGKU/>

№ 2 іс-шара. 50 ерекше бала және олардың ата-аналарын қамти отырып, 2 мерекелік ертеңгілік ұйымдастыру. 2 арнайы мерекелік шоу концерт ұйымдастыру

2025 жылғы 24 қазан күні Жаңаөзен қаласындағы «ЖаниГо» мейрамханасында және 2025 жылғы 6 шілде күні Жастар ресурстық орталығында мерекелік шоу концерттері өтті. Мерекелік шараға арналған бағдарлама алдын-ала бекітіліп, әр шараға 50 бала қатысуы қамтамасыз етілді.

Жүргізілген сауалнамаға нәтижесінде қатысушылардың қанағаттану деңгейі 80% құрады.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында фото және видео материалдар дайындалып, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі:

1. <https://www.instagram.com/p/DMH0g7aI1jZ/>
2. https://www.instagram.com/p/DRCO_YEiACn/?img_index=1

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

№ 1 іс-шара. Әлеуметтік жобаның аяқталуы бойынша қорытынды есеп беру

2025 жылғы 19 қараша күні әлеуметтік жобаның аяқталуы бойынша Көмек командасы» қоғамдық қорының Instagram әлеуметтік желісінде қорытынды есеп берілді.

Өз кезегінде, презентация бойынша пресс-релиз, фото және видео дайындалып, скриншот жасалды.

Тікелей эфир сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/DRPaMR7CMCT/>

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс

№ 1 іс-шара. Әлеуметтік жоба барысында жүйелі ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу

Әлеуметтік жоба барысында жүйелі ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу бойынша «Көмек командасы» қоғамдық қорының әлеуметтік желі парақшасында 15 жарияланым жарияланды.

- 1) <https://www.instagram.com/p/DMH0g7aI1jZ/>
- 2) https://www.instagram.com/p/DRCO_YEiACn/?img_index=1
- 3) <https://www.instagram.com/p/DPTdrKjCNIT/>
- 4) https://www.instagram.com/p/DPbRTH7CIO2/?img_index=1
- 5) <https://www.instagram.com/p/DQkHVZbCDvC/>
- 6) <https://www.instagram.com/p/DQkKFzdCGKU/>
- 7) <https://www.instagram.com/p/DMuqnZaoK7D/>
- 8) https://www.instagram.com/p/DMzp-AtNmZq/?img_index=1
- 9) https://www.instagram.com/p/DM2A6DDtIV2/?img_index=1
- 10) <https://www.instagram.com/p/DNINWYIMqgf/>
- 11) <https://www.instagram.com/p/DNWLmOOoXN9/>
- 12) <https://www.instagram.com/p/DLzAT8Mt4qQ/>
- 13) https://www.instagram.com/p/DL74XtUIVT4/?img_index=1
- 14) <https://www.instagram.com/komek.komandasy/reel/DRCsNbCiNHn/>
- 15) <https://www.instagram.com/otpannews.kz/p/DRCcWgLDHke/>

Caspiantoday.kz ақпараттық порталының Инстаграм парақшасы және ресми сайтында – 11 жарияланымнан жарық көрді.

- 1) <https://caspiantoday.kz/to%20%9baev-%20%9bauipsizdik-ke%20%a3esinde-%20%9b%20%b1mar-ojyndar%20%93a-%20%9/>
- 2) <https://caspiantoday.kz/zha%20%a3a%20%9zen-%20%9balasyny%20%a3-55-zhyldy%20%93yna-arnal%20%93>
- 3) <https://caspiantoday.kz/a%20%9btauda-zholaushylar-12-sanat-bojynsha-tegin-%20%9batynajdy/>
- 4) <https://caspiantoday.kz/%20%9baza%20%9bstandy%20%9b-zhastar-energetikterden-kejin-auruhana%20%93a>
- 5) <https://caspiantoday.kz/ma%20%a3%20%93ystauda%20%93y-%20%9bosh%20%9bar-ata-%20%9baldy%20%9b-%20%9>

- 6) <https://caspiantoday.kz/ma%d2%a3%d2%93ystau-oblysy-el-bojynsha-ishimdikti-az-ishetin-%d3%a9%d2%a3irler-%d2%9>
- 7) <https://caspiantoday.kz/diplommen-auyl%d2%93a-ma%d2%a3%d2%93ystauda%d2%93y->
- 8) <https://caspiantoday.kz/auyl-%d3%99kimderinen-para-talap-etken-antikor-%d2%9byzmetkerleri-any%d2%9btaldy/>
- 9) <https://caspiantoday.kz/almatyda-zha%d2%a3a-tu%d2%93an-s%d3%99biin-2-million-te%d2%a3gege-satpa%d2%9b-bol%d2%93andar>
- 10) <https://caspiantoday.kz/k%d3%a9likter-%d2%9bosal%d2%9by-b%d3%a9lshek-degen-zheleumen-elge-%d3%99kelinip->
- 11) <https://www.instagram.com/reel/DRCsnbCiNHn/?igsh=M3RjZmxqMDI5enEx>

БАҚ-та барлығы – 12 жарияланым шықты.

- 1) <https://www.youtube.com/watch?v=TEI3UxfYw8k>
- 2) <https://www.instagram.com/p/DNXXkWEsouD/?igsh=MWloa2Z3bTdsaGdidA%3D%3D>
- 3) <https://www.instagram.com/p/DNXyBP9MF8H/?igsh=eXA1aGM4eHo0aGNj>
- 4) <https://otpannews.kz/kz/news/bakytty-ata-ana-bakytty-bala-zhne-otbasy-leumettik-zhobasy-aiasynda-offlain-okytu-vebnarlary-otti>
- 5) https://www.youtube.com/watch?v=X8uhP2k5NGs&list=PLOMH8Mh_iwt4gs8zMEfG5iX5Go1xsIEZ7&index=192
- 6) <https://otpannews.kz/kz/news/r-ananyn-zhuregi-teren-meirimge-toly-tenizdei-KZ>
- 7) <https://otpannews.kz/kz/news/zhanaozende-erekshe-balalardyn-ata-analaryna-arnalghan-psikhologiialyk-koldau-zhobasy-aiasynda-fotosessiia-otti-KZ>
- 8) https://www.instagram.com/p/DRCa_XAjNUe/?img_index=2&igsh=MWRrMGk5c3k4NnVoaw%3D%3D
- 9) <https://www.instagram.com/p/DRCcWglDHke/?igsh=dGcyZmFwM3E1dWJ6>
- 10) <https://www.instagram.com/p/DRCckUejHJu/?igsh=MWcyamN1M2ViOGJ0cQ%3D%3D>
- 11) <https://mangystautv.kz/ru/news/41229>
- 12) <https://otpannews.kz/kz/news/zhanaozende-psikhonevrologiialyk-patologiiasy-bar-balalardyn-ata-analaryna-arnalghan-leumettik-zhobanyn-katysushylary-marapattaldy-KZ>

Барлық жарияланым бойынша дайджест жасалып, жарияланымдарды орнату бойынша 7 айға жасақталған медиа-жоспар дайындалды.

1) Әлеуметтік жобаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Жобаның негізгі мақсаты – ерекше балалардың ата-аналарына рухани әрі психологиялық көмек көрсету. Жоба мақсатына толықтай қол жеткізілді және келесі нәтижелер алынды:

Негізгі нәтижелер (сандық):

- 61 ата-ана – 2 топтық кездесуге қатысты (жоспардан 2,5 есе артық).
- 20 ата-ана – кәсіби мамандардан жеке кеңес алды (жоспардан +5 адам).
- 75 ата-ана – 5 модульдік оқыту/вебинар сериясына қатысты (жоспардан 5 есе артық).
- 50 ата-ана және 2 маман – WhatsApp қолдау чатына қосылды.
- 10 ата-ана – ашық аспан астындағы ойындық-психологиялық шараларға қатысты.
- 100 бала (екі шараға 50-ден) – мерекелік шоу-концерттерге қатысты.
- әлеуметтік желілерде – 15 жарияланым, Caspiantoday.kz – 11 материал, БАҚ-та – 12 жарияланым жарық көрді.

Сапалық нәтижелер:

- ата-аналардың эмоциялық күйі жақсарды, күйзеліс пен оқшаулану деңгейі төмендеді.
- қоғамда ерекше балалар мәселесіне қатысты ашықтық, түсіністік және қолдау мәдениеті артты.
- ата-аналардың бір-бірімен байланыс орнатуы арқасында тұрақты қолдаушы қауымдастық құрылды.

2) Мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдер және фактілер

Мақсатқа қол жеткізілгенін растайтын нақты дәлелдер мен жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы:

Барлық жоспарланған іс-шара толық іске асырылды:

- топтық және жеке консультациялар өткізілді;
- 5 вебинар ұйымдастырылды;
- онлайн чат құрылды;
- ашық аспан астындағы шаралар мен 2 мерекелік ертеңгілік өткізілді.
- ақпараттық жұмыс үздіксіз жүргізілді.

Сонымен қатар, 38 жарияланым қоғамның ерекше балалар мәселесіне назарын арттырып, жобаның нәтижелерін кең аудиторияға жеткізді.

3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі:

Барлық жоспарланған іс-шаралар толық көлемде және уақытында орындалды. Жоспардан ауытқу орын алмады.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Жобаға дейінгі ахуал:

- ата-аналарда эмоциялық күйзеліс деңгейі жоғары, жалғыздық сезімі анық болған.
- ерекше балаларға арналған кәсіби қолдауға қолжетімділік шектеулі болды.
- ата-аналар арасында ақпарат жетіспеушілігі байқалды.
- қоғамда ерекше балалар мәселесіне қатысты стигма жоғары болған.

Жоба аяқталған кездегі ахуал:

- ата-аналардың 80–100% өздерін жақсы сезінетіні, эмоционалдық тұрақтылық артқаны анықталды.
- қолдау чаты – ата-аналарға күнделікті психологиялық көмек болды.
- 61 ата-ана ерекше баламен қарым-қатынас, даму, сенсорика, қозғалыс, логопедия бойынша жаңа дағдыларды меңгерді.

Әлеуметтік өзгерістер:

- ата-аналардың қоғаммен байланысы артты;
- ерекше балалы отбасылар үшін қауымдастық қалыптасты.
- 100 бала мерекелік іс-шараларға қатысып, әлеуметтік ортаға бейімделу дағдыларын дамытты.

Проблемаларды шешу дәрежесі:

- ата-аналардың оқшаулануы едәуір төмендеді.
- кәсіби қолдауға қолжетімділік артты.
- білімдік дағдылар дамыды.
- қолдау тобы арқылы ұзақмерзімді тиімді жүйе қалыптасты.

II. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат

1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
50	15	35

2) Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйым жұмысшылар	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
50	50	-	-	50	-	-	18	-	-	-

3) Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
50	-	-	6	15	22	7	-

III. Жобаның нәтижелері

1) Көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

Жоба барысында психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналары үшін жоспарланған іс-шаралар толық көлемде орындалды және күтілгеннен де жоғары қамту қамтамасыз етілді.

Сандық нәтижелер:

- топтық кездесулерге – 61 ата-ана және 2 күтуші маман қатысты.
- жеке кеңес беру – 20 ата-ана 60–90 минуттық консультациялар алды.
- оқыту/вебинарлар сериясы – 5 модуль бойынша 75 ата-ана қамтылды.
- онлайн «Қолдау чаты» – 50 ата-ана және 2 маман.
- ашық ауадағы іс-шаралар – 10 ата-ана және олардың балалары.
- мерекелік ертеңгілік 2 шоу концерт – әр іс-шараға 50 бала қатысты.

Ақпараттық жұмыс:

- әлеуметтік желілерде 15 жарияланым
- caspiantoday.kz порталында 11 материал
- БАҚ-та 12 жарияланым жарық көрді.

Сапалық өзгерістер:

Топтық кездесулер нәтижесінде ата-аналардың эмоционалдық жағдайы жақсарғаны, оқшаулану деңгейінің төмендегені анықталды.

Жеке кеңестер ата-аналарға баланың жағдайын түсіну, тәрбиелеу және қолдау тәсілдерін меңгеру, стресті басқару дағдыларын қалыптастыру бойынша тиімді әсер етті. Онлайн чат ата-аналар арасында өзара қолдау мәдениетін, тәжірибе алмасу жүйесін, қауымдастық сезімін қалыптастырды. Мерекелік іс-шаралар ерекше балалардың әлеуметтік белсенділігін арттырып, ата-аналардың эмоциялық жеңілдігін, қоғамға қабылдану сезімін нығайтты.

2) Жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Жоба Жаңаөзен қаласындағы психоневрологиялық патологиясы бар балалардың ата-аналары үшін тұрақты психологиялық, білімдік және әлеуметтік қолдау жүйесінің қалыптасуына негіз болды.

Ұзақмерзімді оң өзгерістер:

- ата-аналардың психологиялық сауаттылығы артты, бұл балалардың эмоционалдық және когнитивтік дамуына тікелей әсер етеді.
- қолдау чаты ата-аналардың бір-біріне сүйенуі мен тәжірибе алмасуын жалғастыратын ұзақмерзімді тұрақты платформаға айналды.

- вебинарлар мен жеке консультативтік сессиялар ата-аналарда ерте коррекциялық қолдау дағдыларын, даму дағдарыстарын тану қабілетін, мінез-құлық пен сенсорлық ерекшеліктерді басқаруды қалыптастырды.

Ақпараттық жұмыстар нәтижесінде жобаның әсері қала мен облыс деңгейінде кеңінен таныстырылды, бұл болашақта мемлекеттік құрылымдар мен ҮЕҰ тарапынан жаңа жобаларға сұранысты арттырады.

Тәуекелдер:

- жоба аяқталғаннан кейін кейбір ата-аналар үшін уақытылы мамандарға қолжетімділік төмендеуі мүмкін (жүйеліліктің тоқтау қаупі).
- қатысушылар санының жоғары болуы тұрақты жеке қолдауды талап етеді, бұл ресурстық тәуекелдерге әкелуі ықтимал.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Әлеуметтік әсер:

- ерекше балалардың ата-аналарының әлеуметтік оқшаулануы азайды, психоэмоциялық ресурстары қалпына келді.
- қалада ерекше балаларға арналған инклюзивті орта нығайды.
- ата-аналар қауымы нығайып, өз құқықтары мен мүмкіндіктерін жақсы түсіне бастады.
- қоғамда ерекше балаларға деген толеранттылық деңгейі артты.

Экономикалық әсер:

- психологиялық күйдің жақсаруы нәтижесінде ата-аналардың жұмысқа қабілеттілігі артуы мүмкін.
- мемлекеттік әлеуметтік көмектерге тәуелділікті төмендетеді.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «ҚСА» Республикалық студенттер қозғалысы» қоғамдық бірлестігі

Басым бағыттың атауы: Жұлын жарақаты бар науқастың мектебі

I. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. Жобаның негізгі мақсаттары мен міндеттерін кең аудиторияға таныстыру, мүдделі тараптарды хабардар ету және жобаға қызығушылықты арттыру

№ 1 іс-шара. Әлеуметтік желілерде жоба туралы ақпарат беру

Жоба іске асырыла бастаған сәттен бастап оның мақсаттары, жоспарланған іс-шаралары және негізгі нәтижелері туралы ақпаратты кең аудиторияға жеткізу үшін **әлеуметтік желілерде тұрақты коммуникациялық жұмыс** жүргізілді. Ақпараттық жарияланымдар арнайы жоба атауымен ашылған Facebook, Instagram, Telegram әлеуметтік желі каналдарында және басқа да өңірлік платформаларда, БАҚ-та орналастырылып отырды.

Жарияланған ақпараттар:

- жобаның ресми басталғаны туралы хабарлама;
- жоба мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелер;
- дөңгелек үстел, тренинг, семинар, халықаралық сапар секілді іс-шараларға шақырулар;
- іс-шаралардан фото және бейнематериалдар;
- спикерлер мен тренерлер туралы ақпарат;
- қатысушылар пікірі және кері байланыс нәтижелері;
- қорытынды кездесуге қатысты хабарламаларды қамтыды.

Жарияланымдар инфографика, фото-бейнелер және мәтіндік материалдар форматында әзірленді. Нәтижесінде, жоба контенті әлеуметтік желілерде жақсы қабылданып, аудиторияның жобаға деген қызығушылығы айтарлықтай арттырды.

Әлеуметтік желілердегі тұрақты жарияланымдар жобаның ашықтығын, айқындылығын және қоғаммен үздіксіз байланысын қамтамасыз етіп, жоба нәтижелерінің кең таралуына ықпал етті.

1. https://www.instagram.com/p/DJJqP2Dtr1J/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
2. <https://www.facebook.com/share/1aMAMLYRyc/>
3. <https://t.me/tenmumkindik/4>

4. <https://www.facebook.com/share/p/16ER9hhGZZ/>
5. https://www.instagram.com/p/DMFSI9vNYqQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==
6. https://www.instagram.com/p/DMFS4evNE5j/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==
7. <https://t.me/tenmumkindik/12>
8. <https://www.facebook.com/share/p/1Ar3vvsrJqH/>

№ 2 іс-шара. Жергілікті билік өкілдері, медицина мамандары, ҮЕҰ өкілдері, мүгедектігі бар азаматтардың қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастыру

2025 жылғы **24 маусым күні сағат 15:00**-де, 31 адамның (жергілікті билік өкілдері, медицина мамандары, ҮЕҰ өкілдері, мүгедектігі бар азаматтардың қатысуымен) қатысуымен **Ақтау қаласы, 32 ш/а, Yessenov Technopark Aktau** ғимаратының meeting room залында дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстелдің мақсаты – мүгедектігі бар азаматтарға көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту, медицина мамандары мен жеке көмекшілердің бірыңғай іс-қимыл тетіктерін талқылау, қолжетімді орта бойынша ұсыныстар әзірлеу және ҮЕҰ, мемлекеттік органдар мен қоғам өкілдері арасындағы әріптестікті нығайту.

Сонымен қатар, іс-шараға қатысушылар үшін **кофе-брейк ұйымдастырылды**, бұл қатысушылардың бейресми форматта пікір алмасуына мүмкіндік беріліп дайындалған **үлестірме материалдар мен ақпараттық таратпалар** қатысушыларға таратылды.

Іс-шара нәтижесінде жобаның келесі кезеңдерінде қолданылатын нақты бағыттар белгіленді. қатысушылар тарапынан жоғары бағаланған бұл дөңгелек үстел жобаның индикаторларына қол жеткізуге және өңірдегі әлеуметтік бастамаларды жүйелеуге маңызды үлес қосты.

Дөңгелек үстелдің негізгі сәттері, фотоматериалдары және мазмұны жобаның ресми парақшалары арқылы **әлеуметтік желілерге жарияланды**, бұл жобаның ақпараттық қамту көрсеткішін арттыруға ықпал етті.

Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DLWR_LXt32c/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==
2. <https://www.facebook.com/share/r/1Aypqv8ySG/>
3. <https://t.me/tenmumkindik/7>
4. https://www.instagram.com/p/DLWR_LXt32c/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==
5. <https://www.facebook.com/share/p/1ZN4QNiSRA/>
6. <https://t.me/tenmumkindik/10>

2-міндет. Медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру – Маңғыстау облысындағы 7 медицина қызметкерін жұлын жарақаты бар науқастармен тиімді жұмыс істеуге үйрету мақсатында кемінде 2 тақырыптық офлайн семинар өткізу

№ 1 іс-шара. Тақырыптық 2 семинар ұйымдастыру, медицина қызметкерлерінің жұлын жарақаты науқастармен жұмыс істеу жақсарту

2025 жылғы 19, 26 шілде және 2, 14 тамыз күндері «Звезда Ақтау» бизнес орталығында медицина қызметкерлерінің жұлын жарақаты науқастармен жұмыс істеу жақсарту мақсатында 2 тақырыптық семинар ұйымдастырылды. Әр семинарға 7-8 медицина қызметкерлерінің қатысуы қамтамасыз етілді.

Семинарларды өткізуге тәжірибелі сала мамандары – Тұрсынбаева Сымбат Дәуренбекқызы және Мукатаева Айгүл Жанабаевна спикер ретінде тартылды.

Тұрсынбаева Сымбат Дәуренбекқызы — ЕДШ маманы.

Тақырыбы: «Жұлын жарақаты бар азаматтарға емдік дене шынықтыру (ЕДШ) арқылы оңалту көмегін ұйымдастырудың тиімді тәсілдері».

Спикер қатысушыларға жұлын жарақаты бар пациенттер үшін ЕДШ бағдарламаларын дұрыс құру, қозғалыс функциясын қалпына келтіру әдістері, бұлшықет тонусын реттеу, қауіпсіздік техникасы, оңалту жаттығуларының кезеңдері туралы толық ақпарат берді. Практикалық бөлімде қатысушылар жаттығуларды орындау техникасын меңгеріп, пациентті қауіпсіз көшіру дағдыларын тәжірибеде пысықтады.

Мукатаева Айгүл Жанабаевна — психотерапевт.

Тақырыбы: «Неврологиялық диагнозы бар пациенттермен жұмыс істейтін медицина қызметкерлерінің психоэмоционалдық тұрақтылығын сақтау және кәсіби күйіп кетудің алдын алу әдістері».

Семинарда медицина қызметкерлерінің эмоционалдық жүктемесі, стресске қарсы тұру стратегиялары, кәсіби күйіп кету синдромының белгілері мен оны алдын алу жолдары, өзін-өзі реттеу техникалары түсіндірілді. Топтық тәжірибелік жаттығулар арқылы қатысушылар релаксациялық әдістер мен эмоционалды басқару тәсілдерін меңгерді.

Әр семинарда үлестірме материалдар, сертификаттар мен әдістемелік таратпалар беріліп, кофе-брейк ұйымдастырылды.

Жоспарланған 2 семинардың орнына 4 толыққанды оқыту іс-шарасының өткізілуі медицина қызметкерлерінің кәсіби деңгейін айтарлықтай арттырып, жұлын жарақаты бар науқастарға көрсетілетін көмек сапасын жақсартуға ықпал етті.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында іс-шара барысында фото және видео материалдар түсірілді сондай-ақ, іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DMMuyYOtY9B/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA
2. https://www.instagram.com/reel/DMX3t3jtedB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==
3. <https://www.facebook.com/share/r/1BVTJJBrijhb/>
4. <https://t.me/tenmumkindik/13>
5. https://www.instagram.com/reel/DMX4S4jNRQf/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==
6. <https://t.me/tenmumkindik/15>
7. <https://www.facebook.com/share/r/17Z6XDixtX/>
8. https://www.instagram.com/reel/DMpbVZjNGC0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==
9. <https://t.me/tenmumkindik/16>
10. <https://www.facebook.com/share/r/17Z6XDixtX/>
12. https://www.instagram.com/p/DMpb42vtOE2/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==
13. <https://t.me/tenmumkindik/17>
14. <https://www.facebook.com/share/p/1Dv64KhFQh/>
15. https://www.instagram.com/p/DMxIiFStKZ3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==
16. <https://www.facebook.com/share/p/15WdAu98DGC/>
17. https://www.instagram.com/reel/DM8B_VKNweW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==
18. <https://t.me/tenmumkindik/18>
19. <https://www.facebook.com/share/r/1D5o4ZQj3U/>
20. https://www.instagram.com/reel/DM8CgIxN04o/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==
21. <https://www.facebook.com/share/r/19xLbGv1pX/>
22. <https://t.me/tenmumkindik/19>
23. https://www.instagram.com/reel/DNXhVHsNM2p/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

24. <https://t.me/tenmumkindik/20>

25. https://www.instagram.com/reel/DNXht7sNmgB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

№ 2 іс-шара. Сертификаттау және кері байланыс алу

Медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру міндетін тиімді іске асыру мақсатында өткізілген офлайн семинарлардан кейін қатысушыларды сертификаттау және олардың оқу процесінен алған әсерлері мен ұсыныстарын бағалау үшін кері байланыс жинау ұйымдастырылды.

Семинарларға қатысқан Маңғыстау облысының медицина қызметкерлері арнайы қатысушы сертификаттарымен марапатталды. Сертификаттар олардың жұлын жаракаты бар науқастармен жұмыс істеу бойынша жаңа білім мен дағдыларды меңгергенін растайды және кәсіби портфолиосын толықтыруға мүмкіндік береді.

Іс-шарадан кейін әрбір қатысушымен кері байланыс орнатылды. Нәтижесінде, қатысушылар семинарлардың практикалық бағыттылығы мен спикерлердің жоғары кәсіби деңгейін ерекше атап өтті. Олардың сауалнамадағы жауаптары жобаның келесі кезеңдерінде оқу материалдарын жетілдіруге және медицина саласындағы мұқтаж топтарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға негіз болды.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында іс-шара барысында фото және видео материалдар түсірілді сондай-ақ, сертификаттау рәсімі туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DO_js0YDcqt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

2. <https://www.facebook.com/share/p/1BcnDUr2ev/>

3. <https://t.me/tenmumkindik/21>

3 міндет. Тәжірибе алмасуды ұйымдастыру – Жеке көмекші қызметтерін көрсететін мамандармен тәжірибе алмасу үшін Маңғыстау облысының 7 медицина қызметкерінің Беларусь Республикасына сапарын ұйымдастыру

№ 1 іс-шара. Беларусь Республикасына сапарға қатысатын медицина қызметкерлерін іріктеу

Беларусь Республикасына тәжірибе алмасу сапарына қатысатын медицина қызметкерлерін анықтау бойынша іріктеу кезеңі ұйымдастырылды. Іріктеу процесі жобаның мақсаттарына сәйкес әділ, ашық және кәсіби талаптар негізінде жүргізіліп хатмасы рәсімделді.

Үміткерлерді бағалауда келесі критерийлер басшылыққа алынды:

- жұлын жаракаты бар науқастармен жұмыс тәжірибесі – кандидаттың нақты клиникалық тәжірибесі мен дағдыларын ескеру;
- оңалту немесе әлеуметтік медицина саласындағы еңбек өтілі – кәсіби бағытының сапар мазмұнына сәйкестігін анықтау;
- жобаның оқу семинарларына қатысуы – теориялық және практикалық дайындық деңгейін, мотивациясын бағалау;

– сапардан кейін алынған білім мен тәжірибені өз мекемесінде енгізуге дайын болуы – нәтиже мен тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында.

Іріктеу барысында үміткерлердің құжаттары қаралып, сұхбаттасу рәсімі өткізіліп, олардың кәсіби ынтасы, жауапкершілік деңгейі және халықаралық тәжірибені қабылдау қабілеті бағаланды.

Нәтижесінде, Маңғыстау облысының 7 медицина қызметкері және сапардың ұйымдастырушылық - үйлестірушілік міндеттерін атқаратын 1 жетекші құрамға енгізілді.

Іріктелген мамандар:

1. Құбайдуллаев Заманбек - мейіргер, «№1 Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ (байланыс нөмірі: 8 777 344 19 98);

2. Ерғожаев Қанат - мейіргер, «№1 Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ (байланыс нөмірі: 8 747 646 70 94);
3. Тұрғанбаева Гүлайым - емдік дене шынықтыру нұсқаушысы, «№2 Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» (байланыс нөмірі: 8 775 362 73 10);
4. Сиптанова Ботагөз - медбике, «№2 Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ (байланыс нөмірі: 8 707 250 74 24);
5. Сырманова Жадыра - емдік дене шынықтыру нұсқаушысы, «№3 Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» (байланыс нөмірі: 8 775 931 11 87).
6. Адылов Алдаберген - емдік дене шынықтыру нұсқаушысы, «№5 Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» (байланыс нөмірі: 8 702 459 25 42);
7. Оразғалиева Жаннат - физиотерапия медбикесі, «Реабилитация орталығы» КММ (байланыс нөмірі: 8 701 167 26 43).

Бұл іріктеу кезеңі Маңғыстау облысында жұлын жарақаты бар азаматтарға арналған медициналық қызметті халықаралық тәжірибе негізінде жетілдіруге мүмкіндік берді.

Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында іс-шара барысында фото және видео материалдар түсірілді сондай-ақ, ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі:

1. <https://www.instagram.com/p/DPYuQ2Yihl-/?igsh=b2g2cGJbTI2ends>

№ 2 іс-шара. Беларусь Республикасына тәжірибе алмасу сапарын ұйымдастыру . Тәжірибе алмасу арқылы қызмет көрсету сапасын жақсарту

2025 жылғы 8–13 қараша аралығында Маңғыстау облысының медицина қызметкерлері мен жұлын жарақаты бар азаматтарымен жұмыс істейтін мамандардың кәсіби тәжірибесін кеңейту мақсатында Беларусь Республикасына халықаралық тәжірибе алмасу сапары ұйымдастырылды.

Сапардың негізгі мақсаты – медициналық және әлеуметтік оңалту саласындағы үздік шетелдік практикаларды зерттеу, заманауи оңалту технологияларын меңгеру және өңірге бейімдеп енгізу арқылы қызмет көрсету сапасын жақсарту.

Делегация құрамында іріктелген 7 медицина қызметкері және ұйымдастырушылық міндетті атқарған 1 жетекші болды. Сапар бағдарламасы Беларусь еліндегі жетекші оңалту орталықтарының жұмысымен тікелей танысуға бағытталды:

- 2025 жылғы 10 қараша, сағат 09:00–13:00 аралығында Беларусь протездік-ортопедиялық қалпына келтіру орталығында қатысушылар протездік-ортопедиялық бұйымдарды дайындау процесімен, нейрооңалту әдістерімен, тік жүруді қалпына келтіру тренажерларымен және кешенді оңалту бағдарламасымен танысты.

- 2025 жылғы 10 қараша, сағат 15:00–18:00 аралығында қатысушыларға «РОСТОК» мүмкіндігі шектеулі балалар мен мүгедектердің әлеуметтік реабилитация және абилитация орталығы» мемлекеттік мекемесінде балаларға арналған әлеуметтік қайта бейімдеу, сенсорлық интеграция, логопедиялық қызмет, психологиялық қолдау бағыттары көрсетілді.

- 2025 жылғы 11 қараша күні «Мүгедек балаларға арналған Республикалық реабилитация орталығы» мемлекеттік мекемесінде (Севастопольская көшесі, 56) делегация медициналық және әлеуметтік оңалтудың бірлескен моделімен, мультидисциплинарлық команда жұмысымен және неврологиялық диагнозы бар балаларды емдеу-оңалтудың тиімді тәсілдерімен танысты. Негізгі тақырып: «Медициналық және әлеуметтік бөлімшелерде кешенді оңалтуды ұйымдастыру».

Сапар барысында қатысушылар шетелдік мамандармен пікір алмасып, тәжірибе негізінде өздеріне қажетті ұсыныстар жинақтады. Беларусь тарапынан қолданылатын технологиялар мен тәсілдердің бір бөлігі Маңғыстау өңірінде енгізуге қолайлы екені анықталды.

Сапар нәтижелері:

- тәжірибе алмасу сапарына барған 7 маман өздерінің сапарлары туралы толық есеп берді;
- жұлын жарақаты бар пациенттермен жұмыс бойынша жаңа тәсілдер мен әдістемелер меңгерілді;
- оңалтудың мультидисциплинарлық үлгісін өңірде қолдануға мүмкіндік туды;

Тәжірибе алмасу сапары туралы ақпарат жобаның әлеуметтік желісінде жарияланып, қоғам назарын арттыруға және жобаның ақпараттық қамту көрсеткіштерін орындауға үлес қосты.

Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DO6SqA2jUJ9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
2. <https://www.facebook.com/share/p/1BPXry1tDy/>
3. <https://t.me/tenmumkindik/22>
4. https://www.instagram.com/p/DO6SqA2jUJ9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
5. <https://www.facebook.com/share/p/1BPXry1tDy/>
6. <https://t.me/tenmumkindik/22>
7. https://www.instagram.com/reel/DO6kcTVCot-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
8. <https://t.me/tenmumkindik/23>
9. <https://www.facebook.com/share/r/1CWad4xzRp/>
10. https://www.instagram.com/p/DO_orcqCpDF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
11. <https://www.facebook.com/share/p/1EZanm3TUJ/>
12. <https://t.me/tenmumkindik/24>
13. https://www.instagram.com/reel/DRAAuXuCopW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
14. <https://t.me/tenmumkindik/23>
15. <https://www.facebook.com/share/v/1AVqPiLUHy/>

4 міндет. Жеке көмекшілерді оқыту – Жұлын жарақаты бар және мүгедектер арбасында қозғалатын азаматтарды қауіпсіз алып жүру және оларға сапалы қызмет көрсету бойынша 10 жеке көмекшіні оқыту

№ 1 іс-шара. Жеке көмекшілерге арналған оқыту курсының ұйымдастыру. Оқыту курсы арқылы жеке көмекшілердің дағдысын арттыру

2025 жылдың 19 қараша күні Ақтау қаласы, «№1 Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» базасында және 20 қараша күні Ақтау қаласы, БО «Звезда Ақтау» конференц-залында жеке көмекшілерге арналған арнайы оқыту курсы ұйымдастырылды.

Курстың негізгі мақсаты – көмекшілердің практикалық дайындық деңгейін көтеру және жұлын жарақаты бар азаматтарға көрсетілетін қызметтің сапасын жақсарту болды. Оқыту курстарына барлығы 20 жеке көмекші қатысты (әр қайсына 10 жеке көмекші).

Оқыту бағдарламасы тәжірибелі спикерлер тарапынан жүргізілді:

Алғашқы медициналық көмек көрсету дағдылары бойынша спикер ретінде Құбайдуллаев Заманбек Мұратұлы «Алғашқы медициналық көмек көрсету дағдылары (төтенше жағдайда алғашқы көмек көрсету)» тақырыбында оқыту курсының өткізді.

Спикер қатысушыларға келесі маңызды аспектілерді түсіндірді:

- тыныс алу жолдарының бітелуінде көрсетілетін жедел көмек;
- жүрек-өкпе реанимациясының (ЖӨР) бастапқы қадамдары;
- есінен танған адамға алғашқы әрекеттер;
- жарақат алған жағдайда имобилизация жасау;
- жедел жәрдем келгенге дейінгі қауіпсіздік техникасы.

Практикалық бөлімде көмекшілер манекендермен жұмыс істеп, негізгі реанимациялық дағдыларды меңгерді.

Жеке көмекшілерге арналған екінші арнайы оқыту курсы гигиеналық күтім және күнделікті қолдау тәсілдері бағытында жүргіліді. Бұл ретте, спикер ретінде Ерғожаев Қанат Инирбайұлы «Гигиеналық күтім негіздері (арба қолданушылардың күнделікті қажеттіліктерін қолдау)» тақырыбында оқыту курсы өткізді.

Сабак барысында келесі бағыттар қамтылды:

- арба қолданатын азаматтарды қауіпсіз отырғызу және түсіру әдістері;
- гигиеналық күтімнің негізгі ережелері;
- терінің ойылуының алдын алу;
- тұрмыстық ортада қозғалыс қауіпсіздігін ұйымдастыру;
- жеке көмекшінің этикасы және коммуникация мәдениеті.

Қатысушылар нақты кейстермен жұмыс істеп, пациентті дұрыс бұру, қолдау және қауіпсіз әрекеттерді тәжірибе жүзінде орындады. Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында іс-шара барысында фото және видео материалдар түсірілді сондай-ақ, оқыту курстары туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды.

Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DRUznj1CrEZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
2. <https://www.instagram.com/reel/DRZSIYFjfF8/?igsh=czJzZTJpdWRlaWZ3>
3. <https://www.instagram.com/reel/DRZTAVejdnu/?igsh=b2MwbjFnZm5rMXV3>
4. <https://t.me/tenmumkindik/27>

№ 2 іс-шара. Сертификаттау және кері байланыс алу

Жеке көмекшілерге арналған оқыту курсы аяқталғаннан кейін қатысушылардың білімін растау және оқыту сапасын бағалау мақсатында сертификаттау рәсімі мен кері байланыс орнату процесі ұйымдастырылды. Курсты толық аяқтаған жеке көмекшілерге арнайы сертификаттар табысталды. Сертификаттар жеке көмекшілердің кәсіби қызметінде олардың біліктілігін растау құжаты ретінде қолданылады.

Сертификаттау рәсімі:

- қатысушылардың қатысу белсенділігі;
- практикалық тапсырмаларды орындау деңгейі;
- қауіпсіздік техникасын сақтау;
- пациентті дұрыс алып жүру және күтім көрсету тәсілдерін меңгеру сияқты критерийлер бойынша жүргізілді.

Оқыту курсының тиімділігін бағалау мақсатында әр қатысушыдан жазбаша кері байланыс алынды. Кері байланыстардың басым бөлігі оқытудың жоғары деңгейде өткенін көрсетті. Қатысушылар оқыту семинарларының пайдалы болғанын және алғашқы көмек көрсету дағдыларын, арба қолданатын азаматтарды қауіпсіз отырғызу және түсіру әдістерін, гигиеналық күтімнің дұрыс тәсілдерін, пациентпен этикалық қарым-қатынасты ең пайдалы бөлімдер ретінде атап өтті.

Сонымен қатар, сертификаттар табыстау рәсімі мен оқу процесінің негізгі сәттері жобаның әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларда жарияланды.

Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DRUznj1CrEZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
2. <https://t.me/tenmumkindik/27>
3. <https://www.instagram.com/p/DRYWQk7CEr7/?igsh=MWc3MGUyOXVoZ2pkcw==>

5 міндет. Жобаның орындалу нәтижелерін талқылау, қол жеткізілген көрсеткіштерді бағалау және мүдделі тараптарға қорытынды есеп беру

№ 1 іс-шара. Қорытынды кездесу

2025 жылғы 21 қараша күні Yessenov University, 7-қабат, «Шерқала» конференц-залында қорытынды іс-шара өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жобаның барлық бағыттары бойынша атқарылған жұмыстарды қорытындылап, қол жеткізілген индикаторларға егжей-тегжейлі талдау жасау және мүдделі тараптарға жобаның нәтижелерін ұсыну болды. Кездесуге өңірдің негізгі серіктестері мен жауапты құрылымдары қатыса отырып, қатысушылардың жалпы саны 40 адамды құрады. Атап айтқанда:

- мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару құрылымдарының өкілдері;
- әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту және әлеуметтік қызмет көрсету саласының мамандары;
- денсаулық сақтау саласының қызметкерлері, оңалту орталықтарының өкілдері;
- жоба аясында оқытудан өткен жеке көмекшілер;
- Беларусь Республикасына тәжірибе алмасу сапарына қатысқан медицина қызметкерлері;
- жоба үйлестірушілері, тренерлер, белсенді жастар және техникалық-ұйымдастырушылық команда.

Іс-шара барысында қатысушыларға жоба шеңберінде іске асқан негізгі бағыттар бойынша толық ақпарат ұсынылды:

- жұлын жарақаты бар азаматтармен жұмыс істейтін медицина мамандарын оқыту нәтижелері;
- жеке көмекшілердің біліктілігін арттыру курстары;
- Беларусь Республикасына тәжірибе алмасу сапарының мазмұны мен практикалық әсері;
- дөңгелек үстел өткендігі;
- ақпараттық қамту барысы.

Жобаның қоғаммен байланыс маманы - Сейткәрім Сағындық Ермекұлы тарапынан қорытынды презентация ұсынылып, жобаның индикаторларына қол жеткізу деңгейі, артықшылықтары және аймақ үшін практикалық пайдасы егжей-тегжейлі талқыланды.

Беларусь сапарына қатысқан медицина қызметкерлері өз тәжірибелерімен бөлісіп, шетелдік оңалту орталықтарында көрген тиімді тәсілдерді өңірге бейімдеп енгізуге қатысты ұсыныстарын айтылды.

Кездесу соңында ашық пікірталас және кері байланыс сессиясы өткізілді. Қатысушылар жоба нәтижелерін одан әрі дамытуға бағытталған ұсыныстарын ортаға салды. Талқылау барысында жоба нәтижелерінің өңірдегі әлеуметтік қызмет көрсету сапасын арттыруға елеулі ықпал еткені атап өтілді. Іс-шара қорытындысында:

- белсенді қатысушылар мен серіктестерге алғыс хаттар табысталды;
- қатысушыларға үлестірмелі материалдар мен арнайы сыйлықтар берілді;
- қатысушылар үшін кофе-брейк ұйымдастырылды;
- кездесу соңында ортақ естелік суретке түсу рәсімі өтті.

Қорытынды кездесу жоба нәтижелерін жүйелеуге, мүдделі тараптар арасындағы серіктестікті нығайтуға және жобаның әлеуметтік әсерін бағалауға мүмкіндік берді. Іс-шараның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында іс-шара барысында фото және видео материалдар түсірілді сондай-ақ, қорытынды кездесу туралы ақпарат әлеуметтік желіде жарияланды. Әлеуметтік желідегі жарияланым сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DRT5mDljTaC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==
2. <https://www.instagram.com/p/DRY0GnhiOKL/?igsh=YTdpMmF6d2R6dHpn>

3. <https://t.me/tenmumkindik/26>

4. <https://www.facebook.com/share/p/1CRCvx67rG/>

№ 2 іс-шара. Нұсқаулық шығару

Жобаның нәтижелерін жүйелеу және мүгедектігі бар азаматтармен жұмыс істейтін мамандарға, жеке көмекшілерге және әлеуметтік қызмет көрсету саласының қызметкерлеріне арналған бірыңғай әдістемелік материал әзірлеу мақсатында арнайы нұсқаулық дайындалып, басып шығарылды.

Нұсқаулықтың негізгі мақсаты – жоба туралы кеңінен ақпараттандыру мен жұлын жарақаты бар және мүгедектер арбасын пайдаланатын азаматтарға қызмет көрсетудің қауіпсіз, тиімді және кәсіби стандарттарын таныстыру, сондай-ақ медицина қызметкерлері мен жеке көмекшілердің тәжірибесіне қолжетімді, түсінікті және жүйелі әдістемелік жолдарын ұсыну.

Нұсқаулық мазмұны келесі бөлімдерді қамтыды:

- пациентті тасымалдау, бұру, отырғызу және арбаға көшірудің қауіпсіз әдістері;
- гигиеналық күтімнің негізгі стандарттары;
- асқынулардың алдын алу (тері ойылуы, тыныс алу қиындығы, бұлшықет спазмдары және т.б.);
- Беларусь Республикасына тәжірибе алмасу сапарынан алынған тиімді әдістер мен үлгілер.

Нұсқаулық жобаның барлық оқыту курстары, семинарлары және халықаралық тәжірибе нәтижелері негізінде құрастырылды.

Дайындалған әдістемелік құрал:

- медицина қызметкерлеріне;
- жеке көмекшілерге;
- әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының мамандарына;
- оңалту орталықтарына

Нұсқаулықтың басып шығарылуы жоба нәтижелерінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, үйретілген дағдылардың ұзақ мерзімді қолданылуына және сала мамандарының кәсіби деңгейін көтеруге айтарлықтай ықпал етуі үшін әлеуметтік желіге арнайы жарияланым жасалды.

Сонымен қатар нұсқаулықтың электронды нұсқасы жобаның ресми парақшаларында жарияланып, өңірлік ұйымдар арасында кеңінен таратылды. Сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/DRYVgm6CJoz/?igsh=MXZnemE3NmNjYnl0dQ==>

6 міндет. Ақпараттық қамту жоба туралы қоғамда кеңінен ақпарат тарату үшін Instagram, Facebook, Telegram әлеуметтік желілерінде тұрақты ақпараттық жұмыс жүргізу, кемінде 1 баннер және 1 бейнеролик әзірлеу және жариялау

№ 1 іс-шара. Әлеуметтік желілерде ақпарат тарату

Жоба аясында әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты, жүйелі және жан-жақты жарияланымдар орналастырылды. Ақпараттық жұмыс жоба шеңберінде өткен барлық іс-шаралардың ашықтығын қамтамасыз етіп, қоғамның жоба туралы хабардар болу деңгейін едәуір арттырды.

Жарияланымдар жоба бағытына қызығушылық білдірген мақсатты аудиторияға — медицина қызметкерлері, жеке көмекшілер, ҮЕҰ өкілдері, әлеуметтік сала мамандары және жалпы қоғамға тиімді түрде жеткізілді.

Әлеуметтік желілердегі жарияланым саны: 130

Instagram: 51 жарияланым https://www.instagram.com/ten_mumkindik_gsa?igsh=eWg0Zmlybmg3OXV0

Facebook: 42 жарияланым <https://www.facebook.com/share/1DLEKefonN/?mibextid=wwXlfr>

Telegram: 34 жарияланым <https://t.me/tenmumkindik/4>

Әлеуметтік желілерде тұрақты контент жүргізу - жобаға аудитория тартуға, іс-шаралар туралы жедел ақпарат беруге және жоба нәтижелерін кеңінен жариялауға мүмкіндік берді. Жарияланған материалдар қысқа видеолар, фотосуреттер, инфографикалар, іс-шара репортаждары, қатысушылардың пікірлері және қорытынды презентация түрінде ұсынылды.

БАҚ-тағы жарияланым: 3 материал. Сілтемесі:

1. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-soc/press/news/details/1107960?ysclid=miaz778ox4761989496>

2. <https://otpannews.kz/kz/news/mangystauda-zhulyyn-zharakaty-bar-800-adam-bar-KZ>

3. газет жарияланым

Өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген 3 материал жоба жұмысының маңыздылығын кеңірек аудиторияға таныстырып, әлеуметтік саланың қызметкерлері мен мамандары арасында жобаға деген қызығушылықты арттырды. БАҚ-тағы мақалаларда семинарлар, дөңгелек үстелдер, халықаралық тәжірибе алмасу сапары және жеке көмекшілерді оқыту нәтижелері кеңінен сипатталды.

Жарияланған материалдардың форматы

- мәтіндік ақпарат;
- фотоконтент (іс-шаралардан кәсіби түсірілімдер);
- бейнеконтент (қысқа роликтер, сұхбаттар, пікірлер);
- инфографика (көрсеткіштер, нәтижелер, сандар);
- іс-шаралар бойынша қысқаша есептер.

Жарияланымдардың визуалды стилі жобаның фирмалық айдентикасымен үйлестіріліп, оқырманға түсінікті, эстетикалық тартымды және кәсіби түрде рәсімделді. Жалпы қаралым саны: 47 454

Бұл көрсеткіш аудиторияның жобаға белсенді қызығушылық танытқанын, ақпараттық қамту жұмысының жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын дәлелдейді.

Жарияланымдардың мазмұны:

- жоба басталғаны туралы ресми хабарламалар;
- семинарлар, оқыту курстары, дөңгелек үстелдер туралы анонстар;
- Беларусь Республикасына тәжірибе алмасу сапарының материалдары;
- спикерлер мен тренерлер туралы ақпарат;
- қатысушылардың пікірлері мен әсерлері;
- қорытынды кездесу туралы хабарламалар;
- жоба нәтижелері мен индикаторлар туралы инфографика;
- әлеуметтік сала мен медицина мамандарына арналған әдістемелік ақпаратты қамтыды.

Ақпараттық жарияланымдар жобаның ашықтығын қамтамасыз етіп қана қоймай, «Тең мүмкіндік» бастамасының өңірлік деңгейде танылуына, оның әлеуметтік әсерінің артуына және жаңа аудиторияның жобаға қосылуына айтарлықтай ықпал етті.

Жоба атауымен жобаның арнайы фронт-офисінде арнайы баннер Беларусь Республикасына барып тәжірибе алмасып келген 7 маманды бейнелеп, жоба мақсатын қамтыған, жоба туралы толық ақпарат алғысы келгендер үшін, арнайы жоба атауымен ашылған инстаграмм

платформасындағы аккаунтқа тікелей кіру үшін, кьюаркод орналастырылды.

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы

№ 1 іс-шара. Жобаны іске асыру туралы қорытынды жария презентация

2025 жылғы 24 қараша күні ZOOM платформасында онлайн форматта Жоба нәтижелерін кең аудиторияға таныстыру, атқарылған жұмыстардың ашықтығын қамтамасыз ету және қоғамды жоба қорытындыларымен хабардар ету мақсатында жобаның қорытынды жария презентациясы ұйымдастырылды.

Онлайн формат жоба туралы ақпаратты әртүрлі аймақтардағы мүдделі тараптарға қолжетімді етуге мүмкіндік берді. Іс-шараға әлеуметтік сала мамандары, медицина қызметкерлері, жеке көмекшілер, ҰЕҰ өкілдері, мемлекеттік органдардың өкілдері және жобаның нәтижелеріне қызығушылық танытқан азаматтар қатысты.

Презентация барысында:

- жобаның негізгі мақсаттары мен орындалған міндеттерінің қорытындысы;
- қол жеткізілген индикаторлар мен нәтижелер;
- өткізілген семинарлар мен оқыту курстары;
- Беларусь Республикасына тәжірибе алмасу сапарының нәтижелері баяндалды.

Презентация жоба шеңберінде атқарылған жұмыстарды қорытындылап, оның тиімділігін көрсететін ашық коммуникациялық алаң ретінде қызмет етті.

https://www.instagram.com/p/DRYVKnNCJFY/?img_index=2&igsh=dzBxaXdkdHFxY3Br

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс

№ 1 іс-шара. Әлеуметтік жобаны іске асыру туралы әлеуметтік желілердегі жарияланымдар

Жобаны іске асыру кезеңінде әлеуметтік желілерде тұрақты түрде жарияланымдар орналастырылып, жоба барысы жүйелі түрде көрсетіліп отырды. Ақпараттық материалдар жоба аудиториясына қолжетімді болу үшін Instagram, Facebook және Telegram платформаларында жарияланды.

Жарияланымдар жоба нәтижелерінің ашықтығын қамтамасыз етіп қана қоймай, жобаға деген аудитория қызығушылығын арттыра отырып, әлеуметтік сала мамандарының, медицина қызметкерлерінің, жеке көмекшілердің және өңірлік ұйымдардың жобаға белсенді қатысуына ықпал етті.

Жарияланған материалдар жобаның фирмалық стиліне сәйкес рәсімделді.

Инфографика:

1. <https://www.instagram.com/p/DRZSK2rDQpq/?igsh=b2oydGJvcTRycHFi>
2. <https://www.instagram.com/p/DRZQYz7DebQ/?igsh=MTZtNm40MWdqbjB5NA==>
3. <https://www.instagram.com/p/DRZQW99jdkQ/?igsh=MWkzdm0xamxnenoxeg==>
4. <https://www.instagram.com/p/DRZP5QDjftT/?igsh=MWE0OHc0OGVmMmt2bg==>
5. <https://www.instagram.com/p/DRZPlZfjeJt/?igsh=c2E4eGdiYzh1d2dt>
6. <https://www.instagram.com/p/DRZPipEDarp/?igsh=MTV0bGtqcnVmdjR1dw==>
7. <https://www.instagram.com/p/DRZPgdfDYOR/?igsh=MWs5Zm40cjlrbHQyeg==>
8. <https://www.instagram.com/p/DRZPdaoDSev/?igsh=eDZ4b3gxNwV3Z25s>

9. <https://www.instagram.com/p/DRZPbRqDRzZ/?igsh=dTR1M3g0emo2czU2>

10. <https://www.instagram.com/p/DMFS4evNE5j/?igsh=ajR6b3RzMWhrZ3gz>

Бейнеролик:

1. <https://www.instagram.com/reel/DMX3t3jtedB/?igsh=MXFsdWQxeXF4NHV5bO==>

2. <https://www.instagram.com/reel/DMX4Qa-tple/?igsh=MXNjaWh4MXY4dG5lOA==>

3. <https://www.instagram.com/reel/DMX4S4jNRQf/?igsh=YWtsZ3JoMGxsZzdr>

4. <https://www.instagram.com/reel/DMpbVZjNGC0/?igsh=MW44NGZhNmkwaXJlMw==>

5. <https://www.instagram.com/reel/DM8CgIxN04o/?igsh=a3pxZ2tsbnptZW9l>

6. https://www.instagram.com/reel/DM8B_VKNweW/?igsh=MTBzMHRvczVtN2k4cA==

7. <https://www.instagram.com/reel/DNXhVHsNM2p/?igsh=MXZ3dDJsY3VxeTZlYQ==>

8. <https://www.instagram.com/reel/DNXht7sNmgB/?igsh=MTd0NWRnaXVpbWQwNw==>

9. <https://www.instagram.com/reel/DRAAuXuCopW/?igsh=MWZoZ3B4Znh2a2Y5Nw==>

10. <https://www.instagram.com/reel/DQ6kcTVcot-/?igsh=Nm1mcGVlN2xzOGk0>

11. <https://www.instagram.com/reel/DRZSIYFjf8/?igsh=czJzZTJpdWRlaWZ3>

12. <https://www.instagram.com/reel/DRZTAVejdnu/?igsh=b2MwbjFnZm5rMXV3>

13. <https://www.instagram.com/reel/DRZUaZyjQWk/?igsh=MXhkcGl4ejVlZ3czbQ==>

14. <https://www.instagram.com/reel/DRcRPfqCIYI/?igsh=ZXFkcXdwbmkzYXRu>

№ 2 іс-шара. БАҚ-қа жоба туралы ақпараттар тарату

Жоба бойынша ақпараттық ашықтықты қамтамасыз ету және жоба нәтижелерін кең аудиторияға таныстыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында арнайы материалдар жарияланды. Бұл жұмыс шарт талаптарына сәйкес жобаның қоғамға қолжетімділігін арттыруға және жоба нәтижелерін өңірлік деңгейде кеңінен насихаттауға бағытталды.

Жобаның негізгі кезеңдері, семинарлар, оқыту курстары, халықаралық тәжірибе алмасу сапары және қорытынды іс-шаралар туралы деректер өңірлік БАҚ өкілдеріне ұсынылып, нәтижесінде 3 ақпараттық материал жарық көрді.

БАҚ-та жарияланған материалдардың мазмұны қамтыды:

– жоба мақсаттары және оның әлеуметтік маңызы;

– Маңғыстау облысының медицина қызметкерлерін оқыту нәтижелері;

– жұлын жарақаты бар азаматтарға қызмет көрсету сапасын арттыру бағытындағы жетістіктер;

– Беларусь Республикасына тәжірибе алмасу сапарының мазмұны мен тиімділігі;

– жеке көмекшілерді оқыту курстарының практикалық нәтижелері;

– қорытынды кездесу барысында айтылған ұсыныстар мен алғысхаттар табыстау рәсімі.

БАҚ-тағы материалдар өңір тұрғындарының жоба туралы хабардар болу деңгейін арттырып, әлеуметтік сала өкілдерінің, медицина мамандарының және ҮЕҰ құрылымдарының жобаға деген қызығушылығын күшейтті. Сонымен қатар БАҚ-та жарияланған мақалалар жобаның өңірлік әлеуметтік қызмет жүйесіне қосқан үлесін көрсетіп, оның қоғам үшін маңыздылығын айқындады.

БАҚ-тағы жарияланым: 3 материал

Сілтемесі:

1. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-soc/press/news/details/1107960?ysclid=miaz778ox4761989496>

2. <https://otpannews.kz/kz/news/mangystauda-zhulyyn-zharakaty-bar-800-adam-bar-KZ>

3. газет жарияланым

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Қол жеткізілген нәтижелер:

- 7 медицина қызметкері халықаралық стандарттар негізінде оқытылды;
- Жоспарланған 2 семинардың орнына 4 семинар өткізіліп, жоба көрсеткіші 200%-ға орындалды;
- Беларусь Республикасына 7 маманның сапары ұйымдастырылды;
- 20 жеке көмекші оқытылып, оларға сертификат;
- 1 әдістемелік нұсқаулық әзірленді.

Әлеуметтік желілерде 130 жарияланым, 47 454 қаралым, БАҚ-та 3 материал жарияланды.

2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):

Мақсат орындалғанын дәлелдейтін нақты көрсеткіштер:

медицина қызметкерлерін оқыту:

- 7 маман оқытылды;
- 4 семинар өткізілді;
- практикалық және теориялық дағдылар толық меңгерілді;
- сертификаттар берілді.

жеке көмекшілерді дайындау:

- 20 көмекші оқытылды;
- 13 көмекші рәсімделген сертификат алды;
- практикалық жаттығулар толық қамтылды.

халықаралық тәжірибе алу:

- Беларусьтің 3 жетекші орталығында тәжірибе алмасу өтті;
- мультидисциплинарлық модель зерттелді;
- жаңа тәжірибелер өңірге енгізуге ұсынылды.

ақпараттық ашықтық:

- 130 жарияланым;
- 47 454 қаралым;
- 3 материал БАҚ-та жарық көрді.

қорытынды есеп беру:

- қорытынды кездесу өтті;

- онлайн презентация ұйымдастырылды;
- нұсқаулық шығарылып, таратылды.

3) *Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі:* Барлық негізгі іс-шаралар жоспарға сәйкес өткізілді. Ауытқу орын алмады.

4) *Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):*

Жобаға дейінгі ахуал:

- жұлын жарақаты бар азаматтарға қызмет көрсететін мамандардың дағдыларын қазіргі талаптарға сай жетілдіру қажеттілігі болды;
- халықаралық тәжірибелер мен әдістемелік материалдарды жүйелі түрде қолдану мүмкіндігі шектеулі болды;
- жеке көмекшілердің практикалық машығын біріздендіріп, жаңартылған оқыту бағдарламасы арқылы толықтыруға сұраныс болды;
- ақпараттық жариялылық пен қоғамды хабардар етуді күшейтуді талап ететін бағыттар анықталды.

Жоба аяқталғаннан кейінгі өзгерістер:

- медицина қызметкерлері жаңа оңалту әдістерін меңгерді.
- практикалық ЕДШ, физиотерапия және психоэмоционалды қолдау тәсілдері енгізілді.
- қауіпсіз тасымалдау, күтім, гигиена, алғашқы көмек бойынша кәсіби дағдылар қалыптасты.
- Беларусь орталықтарындағы мультидисциплинарлық модель өңірлік мекемелерде бейімделе бастады.
- біртұтас нұсқаулық әзірленді және тұрақты қолдануға ұсынылды.
- жобаның кең аудиторияға жетуі қамтамасыз етілді (47 454 қаралым).
- қоғамда жоба туралы хабардарлық деңгейі айтарлықтай өсті.
- өңірлік серіктестік нығайды

II. Әлеуметтік жобаға, әлеуметтік бағдарламаға қатысушылар бөлінісінде

Статистикалық ақпарат:

1) *Гендерлік көрсеткіш:*

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
100	22	78

2) Санаттары бойынша әлеуметтік мәртебесі:

Жобаға қатысушы саны (барлығы)	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағылар (50+)	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдар өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
100	5	15	8	49	9	6	11	8	7	29

3) Жас ерекшелігінің көрсеткіші:

Жалпы саны (барлығы)	13–16 жас	17–22 жас	23–27 жас	28–32 жас	33–45 жас	46–58 жас	59 жас және одан жоғары
100	-	1	30	32	31	4	2

III. Жобаның нәтижелері:

1) Көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:

Жоба шеңберінде негізгі нысаналы топтар төмендегідей айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді.

Сандық нәтижелер

- 7 медицина қызметкері Беларусь Республикасының жетекші орталықтарында халықаралық тәжірибе алмасуға қатысты;
- 4 толыққанды семинар өткізіліп, 30-дан астам маман қамтылды (әр семинарға 7–8 қатысушыдан).
- 7 маман жұлын жарақаты бар пациенттермен жұмыс бойынша кәсіби дағдыларын арттырды.
- 20 жеке көмекші оқытудан өтті;
- 130 жарияланым жарияланды (Instagram, Facebook, Telegram желілерінде);
- 47 454 қаралым жүйелі ақпараттық жұмыс нәтижесінде белгілі болды;
- 3 материал жарық көрді;
- 31 адамның қатысуымен дөңгелек үстел өтті;

- 40 адамның қатысуымен қорытынды іс-шара өтті.
- медицина қызметкерлері мен жеке көмекшілерге арналған арнайы нұсқаулық әзірленіп, басып шығарылды.

Сапалық нәтижелер:

Медицина қызметкерлерінің жұлын жарақаты бар азаматтарға көрсететін қызмет сапасы артып, олар жаңа халықаралық деңгейде қолданылатын оңалту әдістерін меңгерді.

Жеке көмекшілердің практикалық дайындығы нығайды: пациентті тасымалдау, дұрыс бұру, профилактикалық күтім, этикалық қарым-қатынас дағдылары қалыптасты.

Мүгедектігі бар адамдармен жұмыс істейтін құрылымдардың коммуникациясы жақсарып, кәсіби байланыстар кеңейді. Жобаның ақпараттық ашықтығы қоғамда медицина саласы мен әлеуметтік қолдау тақырыптарына қызығушылықты арттырды. ҮЕҰ, медицина саласы, әлеуметтік қызмет жүйесі арасындағы әріптестік жаңа деңгейге шықты.

2) Жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Жоба өңірдегі жұлын жарақаты бар азаматтарға көрсетілетін қызметтің сапасын арттыру, жеке көмекші қызметінің кәсібиленуі және оңалту саласында халықаралық тәжірибе енгізу мәселелеріне ұзақ мерзімді әсер етті.

Ұзақмерзімді оң әсер:

Жоба нәтижесінде өңірдегі оңалту қызметінің сапасы айтарлықтай артады. Тренингтер мен Беларусь мамандарынан алынған тәжірибе медицина қызметкерлерінің күнделікті жұмыс практикасына жаңа, тиімді стандарттарды енгізуіне мүмкіндік береді. Қозғалыс функцияларын қалпына келтіру, пациенттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оны дұрыс көшіру, ЕДШ әдістерін дұрыс қолдану сияқты дағдылар өңірлік орталықтарда тұрақты түрде пайдаланылатын болады.

Сонымен қатар, жеке көмекші қызметінің кәсібиленуіне берік негіз қаланды. Оқыту барысында алынған білім мен тәжірибеге сүйене отырып, жеке көмекшілермен жұмыс істейтін салада стандартталған, практикалық маңызы зор әдістемелік база қалыптасты.

Халықаралық тәжірибені өңірге бейімдеу де жобаның ұзақ мерзімді маңызды нәтижелерінің бірі болып табылады. Беларусь орталықтарында қолданылатын мультидисциплинарлық модельді енгізу Маңғыстау өңіріндегі оңалту қызметін жаңа деңгейге көтеріп, нейрооңалту, протездеу және абилитация салаларында тиімді әдістерді жүйелі түрде қолдануға жол ашады. Бұл өз кезегінде қызмет алушылардың ұзақ мерзімді нәтижелерін жақсартып, олардың өмір сапасына тікелей оң әсер етеді.

Медицина қызметкерлері мен жеке көмекшілердің кәсіби деңгейінің көтерілуі ғана емес, жобаның тағы бір маңызды нәтижесі – мүдделі тараптар арасындағы тұрақты әріптестік желісінің қалыптасуы. ҮЕҰ, мемлекеттік құрылымдар, медицина ұйымдары және әлеуметтік қызмет көрсету мекемелері арасында орнаған ынтымақтастық алдағы уақытта да жалғасып, өңірдегі әлеуметтік сала дамуына ұзақ мерзімді қолдау көрсететін болады.

Тәуекелдер:

- кадрлардың ауысуы салдарынан жинақталған тәжірибенің бір бөлігінің жоғалуы;
- оқыту жүйесінің үздіксіздігі қамтамасыз етілмесе, ілгерілеу баяулауы мүмкін.

Алайда жоба шеңберінде жасалған нұсқаулық, фото/видео материалдар және халықаралық байланыстар бұл тәуекелдерді төмендетеді.

3) Иске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Жоба өңір үшін айтарлықтай әлеуметтік және экономикалық құндылық қалыптастырды.

Әлеуметтік әсері:

- жұлын жаракаты бар азаматтардың өмір сапасы артады,
- қызмет көрсетушілер қауіпсіздік, күтім және оңалту әдістерін дұрыс қолдана бастайды.
- қоғамда инклюзивті мәдениет нығайды – әлеуметтік желілер арқылы 47 мыңнан астам адам жобамен танысты.
- әлеуметтік сала мен медицина арасындағы әріптестік күшейді, бұл көрсетілетін қызметтердің тұрақты түрде жақсаруына ықпал етеді.
- жеке көмекшілердің кәсіби әлеуеті өсті, бұл қызмет алушылардың тәуелсіздігін, өзін-өзі күту мүмкіндігін арттырады.

Экономикалық әсері:

- кәсіби қателік пен жаракат алу жағдайлары азаяды, бұл ұзақ мерзімде медициналық шығындарды төмендетеді.
- халықаралық тәжірибені енгізу оңалтудың тиімді әдістерін кеңейтіп, өңірге жаңа экономикалық мүмкіндіктер береді (құрал-жабдықты тиімді пайдалану, кадрларды сақтап қалу).
- жеке көмекші қызметінің кәсібиленуі еңбек өнімділігін арттырады және әлеуметтік саладағы еңбек нарығын тұрақтандырады.
- ұзақ мерзімді перспективада мүгедектікпен байланысты әлеуметтік төлемдер мен күтім шығындарының төмендеуіне ықпал етеді.